

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 сәуірде № 27414 болып тіркелді

Министерство образования и науки Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

«Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-2-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**


1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.



«ЗКАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі А. Аймағамбетов

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы

Төтенше жағдайлар министрі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі
2022 жылғы 30 наурыздағы
№ 117 бұйрығына
қосымша

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік
тұрғыдан осал объектілері
мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік
тұрғыдан осал объектілерді
терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулық**

1-тарау. Жалпы ереже

1. Осы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-2-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысымен бекітілген террористік қатынастарға осал объектілер терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыруға қойылатын талаптарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 234 қаулысымен бекітілген Объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу қағидалары мен өлшемшарттарына (бұдан әрі-Қағидалар) сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің объектілеріне, сондай-ақ террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызылған Білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын объектілерге қолданылады.

Осы Нұсқаулық білім және ғылым саласындағы қызметті, қарамағында осы объектілер бар мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекіткен террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі

өзге де нұсқаулықтармен регламенттелген терроризмге қарсы қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын объектілерге қолданылмайды.

3. Осы Нұсқаулықта келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) бейнебақылау жүйесі - жұмыс істейтін бейнеарналар жиынтығы, бейне деректерді жазуға және сақтауға арналған бағдарламалық-техникалық құралдар, сондай-ақ бір-бірімен ақпарат алмасатын бағдарламалық және (немесе) техникалық басқару;

2) жарықтандыру жүйесі - бейнебақылау жүйесі үшін жарықтандырудың қажетті деңгейін, адамдар мен көлік құралдарының объектіде түнде көрінуін қамтамасыз ететін техникалық құралдар жиынтығы;

3) күзет қызметінің субъектілері - бұл Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелері және жеке күзет ұйымдары;

4) объектінің потенциалды қауіпті бөлігі – жарылғыш және өрт қаупі, қауіпті химиялық заттар, қару-жарақ пен ок-дәрілер, улы заттар мен препараттар, технологиялық тізбектер элементтері, жүйелер, жабдықтар немесе құрылғылар, пайдаланылатын, сақталатын немесе қолданылатын аумақтық бөлінген аймақтар (учаскелер) объектінің конструктивтік және технологиялық элементтері, сондай-ақ, объектіде адамдардың жаппай келу ықтималдығы, оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге ықпал етуі мүмкін терроризм актісін жасауы, апат болуы, қауіпті әлеуметтік-экономикалық салдарлармен төтенше жағдай қатерін туғызу; терроризм актісін жасау үшін оларды одан әрі пайдалану мақсатында қауіпті заттар мен материалдарды ұрлау болуы мүмкін объектінің қауіпті аймақтары;

5) объектінің периметрі - құқық белгілейтін құжаттарға сәйкес объектінің шекарасы;

6) оқу (профилактикалық) іс-шаралары - алғашқы әрекет ету дағдыларын қалыптастыру мақсатында нұсқаулар және жаттығулар түрінде жүзеге асырылатын персонал мен күзетті оқытудың превентивті тәсілдері;

7) педагог – педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын тұлға;

8) рұқсаттама режимі - адамдардың санкцияланбаған кіру (шығу), көлік құралдарының кіруі (шығуы), мүліктің кіруі (шығарылуы), кіру (әкетілу) мүмкіндігін болдырмайтын, белгіленген тәртіпті реттейтін ережелер жиынтығы;

9) терроризмге қарсы қауіпсіздік паспорты - бұл оның антитеррорлық қауіпсіздігінің жай-күйін бейнелейтін және террористік актілерге осал объектідегі террористік актілердің салдарының алдын-алу, жолын кесу, азайту және (немесе) жою жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға арналған объект туралы жалпы және инженерлік-техникалық ақпаратты қамтитын ақпараттық-анықтамалық құжат;

10) террористік тұрғыдан осал объектілер – аса маңызды мемлекеттік, стратегиялық, қауіпті өндірістік объектілер, сондай-ақ стратегиялық маңызы бар экономика салаларының объектілері, адамдар көп жиналатын объектілер, терроризмге қарсы қорғауды міндетті ұйымдастыруды талап ететін күзетілетін объектілер;

11) хабардар ету жүйесі - террористік актілерге осал объектідегі төтенше жағдайлар (авария, өрт, табиғи апат, шабуыл, терроризм актісі) кезінде және іс-қимыл туындаған жағдайда дабыл туралы жедел хабарлауға (жарық және (немесе) дыбыстық хабарлама) арналған техникалық құралдар жиынтығы.

4. Объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар объектілер аумағында терроризм актілерін жасауға кедергі келтіретін жағдайлар жасауға (олардың жасалу қатерін азайтуға), террористік қатерлердің салдарларын барынша азайтуға және (немесе) жоюға бағытталған ықтимал.

Қорғаныс шараларын ұйымдастыру алдын алу, сараланған тәсіл, сәйкестік және күрделілік қағидаттарына негізделген.

5. Объектілердің терроризмге қарсы қауіпсіздігі келесі жағдайларды жасау арқылы қамтамасыз етіледі:

1) шаралар қабылдау арқылы қол жеткізілетін объектілерге заңсыз кірудің алдын алу:

объектілерге кіруге рұқсаттама орнату және оны қатаң сақтау;